

4. Pressley, M. (2002). Comprehension strategies instruction: A turn-of-the-century status report. In C.C. Block & M. Pressley (Eds.), Comprehension instruction: Research-based best practices (pp. 11-27). New York: Guilford.
5. Pressley, M. (2006). Reading instruction that works: The case for balanced teaching (3rd ed.). New York: Guilford.

#### **Сведения об авторе (авторах)**

**Галиева А.Н.**, магистр исторических наук, педагог-мастер СШГ №34 с.Талдыбулак, Республика Казахстан

**Галиева А.Н.**, тарих ғылым магистрі, педагог-шебер №34 ОМГ, Қазақстан Республикасы,Талдыбулак ауылы

**Galiyeva A. N.**; Master of Historical Sciences, teacher-master of SSHG No. 34; Republic of Kazakhstan, Taldybulak village

#### **Жандилдина Р.Е., Темирханова Қ.Ш. Ильяшева Л.Б**

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Арқалық қ., Қазақстан*

#### **ОҚУ ӘРЕКЕТІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ АҚЫЛ - ОЙ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Аңдатпа: Ақыл-ой тәрбиесі-балалардың белсенді ойлау қызметінің дамуына ересектердің мақсатты ықпалы. Ол қоршаған дүние туралы түсінікке жеңіл білімдерді хабарлауды, оларды жүйелеп отыруды, танымдық мүдделерді интеллектуальдық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, танымдық қабілеттерді дамытуды қамтиды.*

*Кілт сөздер: Ақыл-ой тәрбиесі-балалардың белсенді ойлау қызметінің дамуына ересектердің мақсатты ықпалы. Ол қоршаған дүние туралы түсінікке жеңіл білімдерді хабарлауды, оларды жүйелеп отыруды, танымдық мүдделерді интеллектуальдық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, танымдық қабілеттерді дамытуды қамтиды.*

#### **ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ УМСТВЕННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ В УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

#### **Жандильдина Р.Е., Темирханова К.Ш. Ильяшева Л.Б.**

*Арқалық педагогический институт имени И. Алтынсарина, г. Арқалык, Казахстан*

*Аннотация: Умственное воспитание – это целенаправленное влияние взрослых на развитие активного мышления детей. Он включает в себя приобщение простых знаний к пониманию окружающего мира, их систематизацию, формирование познавательных интересов, интеллектуальных умений и навыков, развитие познавательных способностей.*

*Ключевые слова: Умственное воспитание - целенаправленное воздействие взрослых на развитие активной мыслительной деятельности детей. Он включает в себя приобщение простых знаний к пониманию окружающего мира, их систематизацию, формирование познавательных интересов, интеллектуальных умений и навыков, развитие познавательных способностей.*

#### **OPPORTUNITIES FOR THE DEVELOPMENT OF MENTAL ABILITIES OF CHILDREN IN EDUCATIONAL ACTIVITIES**

#### **Zhandildina R.E., Temirkhanova K.Sh. Pyasheva L.B.**

*Arkalyk Pedagogical Institute named after I. Altynsarin, Arkalyk, Kazakhstan*

*Abstract: Mental education is a purposeful influence of adults on the development of active thinking in children. It includes the introduction of simple knowledge to the understanding of the surrounding world, their systematization, the formation of cognitive interests, intellectual skills, and the development of cognitive abilities.*

*Key words: Mental education is a purposeful influence of adults on the development of active mental activity of children. It includes the introduction of simple knowledge to the understanding of the surrounding world, their systematization, the formation of cognitive interests, intellectual skills, and the development of cognitive abilities.*

Ақыл-ой дамуы – бұл, баланың жасына, тәжірибенің молаюы мен тәрбиелік ықпалдардың әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан, және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүргізіледі, тіпті қалыптасады. Таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Мектепке дейінгі баланың ақыл-ой дамуын қамтамасыз етудің оның барлық кейінгі іс- әрекеті үшін зор маңызы бар. Баланың ақыл-ойын дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу процесінде тілді, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін меңгерді. Соның нәтижесінде мектепке дейінгі бала тілді меңгеріп алатындығы сондай, оны қарым-қатынас құралы ретінде еркін пайдаланады.

Мектепке дейінгі баланың ақыл-ойының дамуы алғашында қарым-қатынаста, заттық әрекеттерде, ал сонан соң оқу, еңбек, өнімді жұмыс (сурет салу, мусін жасау, аппликация, құрастыру) процесінде жүзеге асырылады. Ақыл-ойдың неғұрлым тиімді дамуы оқыту және тәрбиелену ықпалымен жүргізіледі). Ақыл-ойдың неғұрлым тиімді дамуы оқыту және тәрбиелеу ықпалымен жүргізіледі.

Қазіргі педагогика ғылыми ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері – білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, творчестволық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға қажетті қызмет әдістерін меңгеру деп есептейді.

Мектепке дейінгі балалардың ақыл – ойын тәрбиелеуді дұрыс ұйымдастыру үшін олардың ақыл-ой дамуының заңдылықтары мен мүмкіндіктерін білу керек. Осыларды ескерте отырып, ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістері белгіленеді. Советтік психология мен педагогика ақыл-ой тәрбиесі міндеттерін тиімді шешу жолдарын табу: бір жағынан, баланың мүмкіндігін барынша пайдалану және екіншіден жағынан, организмді жалпы қажытатын тыс міндеттер жүктеуді болдырмау үшін мектепке дейінгі шақтағы ақыл-ой дамуының мүмкіндіктері мен заңдылықтарын зерттеумен шұғылданады[1].

Ғалымдар ақыл-ой мен тәрбиені дамытудың көптеген мәселелерін зерттеуде мектепке дейінгі шақтағы балалардың ақыл-ой жағынан тәрбиелеудің негізі ретінде сенсорлық тәрбиенің мазмұны мен әдістерін талдауға қажетті түйсік пен қабылдаудың даму заңдылықтары реттеліп отыр, олардың көрнекті қимылдық, бейнелі образды, логикалық ойлауының қалыптасуы зерттелуде. Мектепке дейінгі шақтың аяғында балалардың бойында айналадағылар жөнінде қарапайым білімнің жеткілікті үлкен қоры жиналады, негізгі ойлау операцияларын меңгереді.

Ақыл-ой тәрбиесі-балалардың белсенді ойлау қызметінің дамуына ересектердің мақсатты ықпалы. Ол қоршаған дүние туралы түсінікке жеңіл білімдерді хабарлауды, оларды жүйелеп отыруды, танымдық мүдделерді интеллектуальдық дағдылар мен іскерлікті қалыптастыруды, танымдық қабілеттерді дамытуды қамтиды.

Балаларды мектепке дайындауда ақыл-ой тәрбиесінің ролі ерекше үлкен. Білім қорын игеріп, ақыл-ой белсенділігі мен дербестігін дамыту, интеллектуальдық іскерлік пен дағдыларға ие болу-бұл мектепте табысты оқыту үшін және алда тұрған еңбек қызметіне даярлау үшін маңызды алғы шарттар.

«Балалар бақшасындағы тәрбие бағдарламада» мектепке дейінгі балаларды ақыл-ой жағынан тәрбиелеудің мынадай міндеттері белгіленген. Қоршаған өмірдің қарапайым құбылыстары жайлы дұрыс ұғымдарды қалыптастыру, танымдық психикалық процестерді; түйсінуді, қабылдауды, сақтауды, қиялдауды, ойлауды, сөйлеуді дамыту; білуге құштарлығы мен ақыл-ой қабілетін дамыту; интеллектуальдың іскерлігі мен дағдыларын дамыту; ақыл-ой әрекетінің қарапайым тәсілдерін қалыптастыру. Бұл міндеттердің әрқайсысын жеке-жеке алып қаралық. Қоршаған өмір жайлы ұғымдарды қалыптастыру. Бала мектепке дейінгі жылдарда күн сайын өзі үшін жаңа заттармен, құбылыстармен ұшырысады.

Л.Н. Толстой мектепке дейінгі шақ туралы: «Бәлкім, қазір бойымда бар нәрсенің бәріне мен сол кезде ие болған шығармын және көп, тез иеленгенім соншалық, қалған бүкіл өмірімде мен соның жүзден біріне де ие болмаған шығармын? Бес жастағы баладан маған дейін бір адым ғана. Ал жаңа туған баладан бес жастағыға дейін ғаламат қашықтық» деп жазды. Алайда тиісті басшылықсыз білім мен ұғымды жинақтау жүйесіз жүреді: олар үстіртін, көбінесе жаңсақ болуы мүмкін.

Бала «бұлтты-мақта», ал «жұлдыздарды-электр шамдары» деп ойлайды. Айналадағы өмірді бақылай отырып, ол өзінше тұжырым жасауға тырысады.

К.И. Чуковскийдің «Екіден беске дейін» деген кітабында бала ақыл-ойының талапшылығын дәлелдейтін көптеген балалардың сөйлеген сөздерін келтіреді.

Балалардың білім қорын дәйекті түрде ұлғайту, оларды ретке келтіру, нақтылау, жүйелеу оқытушының міндеті болып табылады. Бала төңірегіндегі заттар, олардың қолданылуы, кейбір сапасы (түрі, көлемі, формасы) және қасиеттері (соғылу, сыну, үзілу, төгілу және т.б.) жайлы, оның қандай

материалдан жасалғаны туралы айқын түсінік алуы керек. Сондай-ақ ол кейбір табиғат құбылыстары, олардың өзара байланыстары мен заңдылықтары (жыл мезгіліне тән белгілері және осы белгілердің өзара байланысы кейбір хайуанаттардың өздеріне тән белгілері, ерекшеліктері және олардың осы хайуанаттардың өздеріне тән өмір салтымен байланыстылығы) жайлы білім алады. Өлі табиғат құбылыстарын, өсімдіктердің, жәндіктердің, хайуанаттардың дамуын бақылау процесінде тәрбиеші балалардың бойында дүние жайлы материалистік ұғымдардың бастамасын қалыптастырады.

Мектепке дейінгі балаларды олар түсіне алатын қоғамдық құбылыстармен және оқиғалармен таныстырады. Қоғамдық құбылыстармен, оқиғалармен танысу балалардың бойында еліміздің қоғамдық өміріне деген қызығушылықты тәрбиелеуге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімінің және интернационализм негіздерінің қалыптасуына жәрдемдеседі. Танымдық психикалық процестерді дамыту. Ақыл-ой тәрбиесінің маңызды міндеті танымдық психикалық процестерді түйсінуді, қабылдауды, есте сақтауды, қиялдауды, ойлауды, сондай-ақ сөйлеуді дамыту болып табылады [2].

Мектепке дейінгі шақта тіл дамытудың ролі ерекше. Адам ана тілін өзінің ойын айтуға және өзгенің айтқанын түсінуге пайдаланады. Сөйлей білу балаға заттарды немесе құбылыстарды тікелей қабылдау арқылы ғана емес, сондай-ақ болмыс туралы білімдерін жанама түрде (әнгіме, көркем шығарма, тәрбиешінің түсіндіруі т.б. арқылы) алуға мүмкіндік береді. Балалар бақшасында сөздік қорын көбейту, грамматикалық құрылымды қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту сияқты міндеттер шешіледі.

Мектепке дейінгі балалардың саналы есте сақтауы қалыптасады, есте сақтау ауқымы ұлғаяды; мұның міндеті есте еркін сақтауға жаттықтыру, оны пайдалы білімдермен толықтыру болып табылады. Қиялды дамытуға көп көңіл бөлінеді, ол барлық творчестволық қызмет үшін қажет. Мектепке дейінгі алғашқы жылдары бұл тыңнан қиялдау, оның негізінде өмірлік тәжірибенің жинақталуымен және ойлаудың дамуымен творчестволық қиял қалыптасады. Мектепке дейінгі балалар үшін көрнекі-қимылды және бейнелі-образды ойлау тән. Осының негізінде сөздік-логикалық, ұғымдық ойлау дамиды. Тәрбиеші балалардың аналитикалық-синтетикалық ойлау қызметін қалыптастырады, ол құбылысты тереңірек түсінуге, оның нақты және нақты емес жағын ажыратуға мүмкіндік береді. Білуге құштарлықты және ақыл-ой қабілетін дамыту. Білуге құштарлық-балаға тән қасиет. Ол қоршаған дүниеге деген белсенді қызығудан, олардың бәрін қарап көруге, ұстауға, қозғалысқа келтіруге ұмтылуынан көрінеді. Көптеген сұрақтар да білуге құштарлықты байқатады.

Тәрбиеші балалардан шыққан сұрақтарға дер кезінде жауап беруге тырысып, жауапты өз бетінше іздестіруге бағыттай отырып, балдырғандардың білімге құмарлығын қолдайды. Ақыл-ой тәрбиесінің міндеті балалық әуестенушілікті, ақыл-ой талпынысын дамыту және олардың негізінде тұрақты танымдық ынтаны қалыптастыру.

Балалар бақшасы алдында баланың ақыл-ой қабілетін дамыту міндеті тұр. Психологияда қабілеттілік деп қандай да бір іс-әрекетті табысты игерудің алғы шарттарын жасайтын жеке адамның қасиеттерін атау белгіленген. Қабілет тиісті қызмет барысында пайда болып, дамиды. Адамның ақыл-ойы саналылық (ақыл-ой реакциясының жылдамдығы), сыншылдық (фактіні, құбылысты, еңбек нәтижесін дұрыс бағалауға және оларды талдап, қателерін байқауға т.б. қабілеттілік), талаптанғыштық (ақыл-ой міндетін шешуді табандылықпен іздестіруге қабілеттілік, дұрыс жауап іздеп табу үшін түрлі әдістерді пайдалану), ойлампаздық сияқты ақыл-ой саналары арқылы сипатталады.

Тәрбиеші осы сапаларды дамытуға көмектесу үшін балалардың ақыл-ой қызметін осылайша ұйымдастырады. Саналылықты дамыту үшін жылдам жауап қайтаратын, күрделі емес мәселелерді тез шешетін ойындар («Келесі санды айт». «Керісінше айт». «Ұшады-ұшпайды» т.б.) өткізеді, ақыл-ойдың сыншылдығын дамыту үшін, балалардың өз жұмыстарын жауаптарын талдауға тартады. Талаптанғыштығын дамыту үшін қарапайым зерттеу әрекетін ұйымдастырып, шешуі қиын тапсырмалар ұсынады [3].

Интеллектуальды іскерлік пен дағдыларды дамыту. Мектепке дейінгі балалардың ақыл-ой тәрбиесінің міндеттерінің бірі интеллектуальды іскерлік пен дағдыны дамыту, ақыл-ой қызметін: заттарды тексеру, олардың нақты, нақты емес белгілерін ажырату, өзге заттармен салыстыру және т.б. сияқты қарапайым әдістерін қалыптастыру болып табылады. Бұл іскерлік пен дағдылар таным әрекетінің құрамды элементтері болып табылады, олар баланың білімді ойдағыдай игеруіне көмектеседі.

Жас ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндетті шешуге мектепке дейінгі қоғамдық тәрбиенің орны ерекше. Олар өмір есігін жаңа ғана ашқан жас буындар денесінің, ақыл - ойының, сана - сезімінің дамуына, адамгершілік қасиеттері мен эстетикалық талғамның қалыптасуына жағдай жасайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мақсатты қоғам талабынан туады. Өйткені елімізге Отанын

сүйетін, білімді, моральдық бейнесі жоғары, шығармашылық еңбекке бейім, рухани дүниесі бай, жетілген адамдар қажет.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алғашқы буыны болып табылатын мектепке дейінгі кезеңде балалардың ақыл - ой қабілетін жан - жақты дамыту және тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілуде, себебі осы кезеңде балалардың ақыл - ой қабілетін дамыту мүмкіндіктері мол. Ғалымдардың пікірінше табиғи жаратылысында ақыл - ой қабілетінің алғашқы шарттары 50 - 60% байқалған. Баланың ақыл - ой ерекшеліктері жаратылысынан шығармашылық, ізденімпаздық сипаттарға ие, алайда оны дұрыс бағытта дамыту жағдайлары әрқилы, сондықтан баланың ақыл - ой қабілетін дамыту, оның нақты бағыттарын айқындау ең алдымен оның жас және дара ерекшеліктерін ескеріп тәрбиелеуге байланысты.

Балалардың толыққанды ақыл-ой тәрбиесін сенсорлық процестерді қалыптастырудан бастау қажет. Ойлау әрекетін дамыту сөйлеусіз мүмкін емес. Бала тілді меңгере отырып заттар, олардың қажеттері, белгілі туралы білімдерді игере бастайды. Нақты бағдарлама мазмұнына сай балалар қарапайым математикалық ұғымдарды меңгеру негізінде санау, салыстыру, заттардың ұғындырып, енін, биіктігін өлшеу, сұйық және сусымалы заттардың көлемін шартты өлшеуіштердің көмегімен өлшеу, сондай - ақ жиын, сан, есептеу ұғымдарын да дидактикалық және танымдық ойындар арқылы үйренеді.

Білім берудің ең төменгі сатысы – мектепке дейінгі кезең және тұлғаның даму іргетасы, оқу әрекетін қалыптастырудың ең қуатты кезеңі. Бұл сатыдағы баланың есте сақтау қабілеті, қабылдауы төмен болғанымен білуге құштарлығы зор болады.

Даму ортасының негізінде тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі білім беру мекемесі, баланың тұлғасын дамытуда оның жеке ерекшелік мүмкіндіктерін ашып, таным белсенділігін қалыптастыру мақсатында мынадай міндеттерді шешуі шарт.

- Баланың ішкі белсенділігін дамытуға арналған қажетті мүмкіндіктер жасау;
- Әр балада оның жеке дара қасиеттері мен қабілеттерін ашып, олардың өмір сүруге қажетті салаларға орнығуына мүмкіндік көрсету;
- Әр баланы тұлғалық ерекшеліктерін ашып көрсетуге және оны дамытуда көмегін тигізетін жаңа жолдарды іздестіру;
- Әр баланың тұлғасына деген құрмет пен сүйіспеншілікті қамтамасыз ететін қарым - қатынасты орнату;
- Тұлғаға әсер етудегі белсенді әдістерге бағдар жасау;

Мектепке дейінгі балалардың ақыл-ойын дамытуды дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың ақыл-ой дамуының заңдылықтары мен мүмкіндіктерін білу керек. Осыларды ескере отырып, ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері, мазмұны, ұйымдастырылуы мен әдістері белгіленеді[4].

Ақыл-ойдың дамуы-бұл бала жасына, тәжірибесінің молаюы мен тәрбиелік ықпалдарының әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүреді. Таным процестері жетіледі, бала ақыл-ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Баланың ақыл-ойы дамуын қамтамасыз ету оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар, Ақыл-ойды дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ақыл – ойдың дамуы – бұл бала жасына, тәжірибесінің молаюы мен тәрбиелік ықпалдарының әсеріне байланысты ойлау әрекетінде пайда болатын сан және сапалық өзгерістердің жиынтығы. Мектепке дейінгі шақта білімнің қорлануы шапшаң қарқынмен жүреді. Таным процестері жетіледі, бала ақыл – ой әрекетінің қарапайым әдістерін меңгереді. Баланың ақыл – ойы дамуын қамтамасыз ету оның барлық кейінгі іс-әрекеті үшін зор маңызы бар. Ақыл – ойды дамыту әлеуметтік ортаның ықпалымен жүзеге асырылады. Ол айналадағылармен араласу барысында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып, сонымен бірге қалыптасқан ұғымдар жүйесін игереді. Ақыл-ойды неғұрлым тиімді дамыту оқыту мен тәрбиелеу негізінде жүзеге асырылады. Қазіргі педагогика ғылыми ақыл-ой дамуының негізгі көрсеткіштері – білімдер жүйесін игеру, олардың қорын жинау, шығармашылық ойды дамыту және жаңа білімдер алуға қажетті танымдық қызмет әдістерін меңгереді деп есептейді.

#### Әдебиеттер:

- 1 Баймұратова Б.Б, Сәтімбекеова М.С, Жұмабекова Ф.Н Балбөбек бағдарламасы. Алматы. Шартарап. 2000ж
- 2 Меңжанова А.Н. Мектеп жасына дейінгі педагогика Алматы 1992.
- 3 Ядешко В.И. Сохина Ф.А. Мектепке дейінгі педагогика Алматы. 1982.
- 4 Жұмабекова Ф.Н Мектепке дейінгі педагогика – Астана 2008